

FTAMP 16.01.45

М. Жолшаева¹, Л. Абдукаримова²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарындағы қашықтан оқыту мен онлайн оқыту жүйесіне қойылатын талаптар мен олардың маңыздылығы туралы баяндалады. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістердің мүмкіндіктері және онлайн оқыту жүйесі мен қашықтан оқыту жүйесінің негізгі айырмашылықтары анықталып, ұқсас тұстары көрсетіледі.

Түйін сөздер: Әлемдік өзгерістер, қашықтықтан оқыту, онлайн оқыту жүйесі, білім беру жүйесі, жаңа технологияларды пайдалану.

Аннотация В статье освещаются требования к системе дистанционного обучения и онлайн-обучения в высших учебных заведениях и их значимость. Определены возможности изменений в казахстанской системе образования и основные различия в системе онлайн обучения и дистанционной системе обучения, а также указываются аналогичные моменты.

Ключевые слова: Мировые изменения, дистанционное обучение, онлайн-обучение, система образования, использование новых технологий.

Abstract. The article highlights the requirements for the system of distance learning and online learning in higher education institutions and their significance. The possibilities of changes in the Kazakh education system and the main differences in the online and distance learning systems are identified, as well as similar points are indicated.

Keywords: World changes, distance learning, online learning, education system, using of new technologies.

Цифрландыру жолға қойылған мемлекеттердің қатарына Қазақстан да қадам басып келеді. Осынау технологияның дамыған заманында әлемнің кез келген түкпірінде отырып-ақ қалаған ақпаратыңа қол жеткізіп, интернет желісі арқылы білім алуға болады.

Дәл қазіргі уақытта қашықтықтан оқыту, онлайн оқыту мәселесін біршама тездеткен бүкіләлемдік коронавирустық инфекция COVID-19. Бұл коронавирустық инфекцияның жаңа түрі әлемнің 167 елінде тарады. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) 2020 жылдың 11 наурызда коронавирустың пандемиясы туралы жариялаған болатын. Осы

жағдай бүкіл әлемнің білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, мектептер мен жоғары оқу орындарының жаңа форматта білім беруіне алып келді. 2020 жылғы 20 наурыздағы жағдай бойынша 135 елдің үкіметі мектептердің жабылуын жариялады немесе жүзеге асырды, оның ішінде 124 ел бүкіл ел бойынша мектептерді жауып, 11 ел кейбір өңірлерде ғана мектептерді жабуға мәжбүр болды. Бүкіл әлем бойынша мектептердің жабылуына байланысты 1,254 миллиардқа жуық оқушы (әлемдегі оқушылардың 72,9%) қашықтықтан оқып жатыр.

Ал Қазақстандағы білім беру жүйесі үлкен өзгерістер алдында тұр. Қазақстанға, әлемнің 167 елі сияқты, COVID-19-дың таратылуына байланысты қысқа мерзім ішінде қашықтан оқыту форматына көшуге тура келді. [1]

Елімізде білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандырып, қашықтан оқытудың алғы шарттары Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында айқын көрсетілген.

Қашықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген университет шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық мәліметтеріне, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электронды оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, онлайн оқытуға тиімді болатын жаңа платформаларға, қашықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған жаңа оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады. Бұл білім алушы мен оқытушы үшін өте тиімді болмақ.

Қашықтан білім беру мүмкіндігін ұсынатын оқу орындарының барлығы бір бірінен кейбір белгілі бойынша ерекшеленеді. Олардың ерекшеліктері білім беру мазмұны мен деңгейі, білім алушылардың саны мен құрамы, техникалық және қаржылай мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Қашықтан білім беру жүйесі дамытылған елдер де мемлекет деңгейінде қаржыландыру арқылы жүргізіледі. Дүниежүзіндегі дамушы елдердің барлық жоғарғы оқу орындары қашықтықтан білім беру технологиясымен жұмыс жасауда. Мысалы, алпауыт елдердің бірі Америка құрама штаттарында 1995 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарының 58% қашықтан оқыту технологиясына тәжірибе жасап, бұл технологияның

тиімді екенін алға тартқан. Қазірде бұл елде мыңдаған оқу орындары осы технология бойынша жұмыс жасауда.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындауы шарт.

Қашықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет;
- Қашықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет;
- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет;
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру мақсатында түрлі ресурстарды пайдалана білуі қажет;
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет;
- Оқу үрдісін қашықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет [2].

Қашықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тындаушылар қашықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тындаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Қашықтан оқыту нысаны негізгі үш технологиялар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) желілік технология (университет нұсқауы бойынша);

2) кейс-технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту;

3) ТВ-технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту.

Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Білім беру жүйесінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияны дамытудың тиімді құрылымы – білім порталдары болып табылады. Порталдың негізгі міндеті жоғары технологиялы оқу процесінің қолдауы арқылы бірыңғай білімді ақпараттандыру ортасын дамуына өз үлесін қосатын маңызды функциялармен толықтырылады. Порталдың білім және технологиялық саясаты, сонымен бірге оның ағартушылық қызметі әдістемелік және технологиялық арнаға ақпараттандыру процесін бірте-бірте ендіру әдісі болып табылады.

Электрондық оқулықтар жасаудың педагогикалық технологиясының құрылымы оқыту үрдісінің заңдылықтарына негізделіп, бір-бірімен байланысты төрт бөліктен тұрады: мотивациялық-мақсатты, мазмұндық, операциялық және бағалы-нәтижелік.

Электрондық оқулықтың мотивациялық мақсатты бөлігі модульдер мен шағын модульдерді құрастырудан тұрады. Модуль - пән салаларындағы жүйелік және қызметтік білімнің жиынтығы. Ол электрондық оқулық арқылы оқытуды ұйымдастырудың «қызметтік түйіні» болып табылады.

Қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

- оқытуды даралау;
- оқытудың тиімділігін (сапасын) арттыру;
- дәстүрлі оқыту нысаны қолайсыз болып табылатын тұлғалар үшін білім беру қызметін ұсыну болып табылады.

Білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту жүйесін ұйымдастыру және дұрыс қызмет етуі үшін мынадай функцияларды орындау қажет:

- оқу курстарын қолдау;
- білім алушыларға оқу материалдарын жеткізу;
- кеңестер беру;
- білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру;
- білім алушылардың білімдерін бақылау (*білім беру ұйымдарында*);
- білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпараттарынан тұратын білім беру (*интернет-порталдары туралы таныстыру ақпараттары*);
- телекоммуникациялық желіге шығатын (Интернет, спутниктік теледидар) жабдықталуы;
- әртүрлі терминалдардың: мультимедиялық сыныптардың, электрондық оқу залдарының болуы;
- тестілеу кешендерінің;

- тиісті дайындықтан өткен профессор-оқытушы, оқу-көмекші және техникалық персоналдардың болуы;
- желілік тестілеу кешендерінің;
- оқытуды басқарудың желілік жүйелері (Learning Management Systems – LMS);
- оқыту контентін басқару жүйелерінің (Learning Content Management Systems LCMS) бар болуы қашықтықтан оқыту нысаны кезінде оқу процесін ұйымдастырудың қажетті шарттары болып табылады.

Қашықтан оқытудың базалық жоғары оқу орындарында қашықтан оқытудың жетекшісі басқаратын және өзінің құрамында мынадай міндетті қызметтері арнайы құрылым (факультет, орталық, бөлім және басқа) құрылады:

- оқу процесін ұйымдастыру және басқару;
- қашықтан оқытудың дидактикалық құралдарын әзірлеу;
- ақпараттық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету.

Қашықтан оқыту нысанына түсуші тұлғалар үшін білім беру ұйымдары оқу сабақтары басталғанға дейін қашықтан оқытудың технологиялары және жүйелерімен танысу жөнінде кіріспе курстарын өткізеді.

Білім беру ұйымы білім алушылардың мүмкіндіктерін есепке ала отырып, телекоммуникациялық құралдарды пайдаланумен бірге оқу процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы арқылы білім алушыларды ғылыми және әдістемелік көмекпен қамтамасыз етеді. Емтихан арасындағы кезеңде қашықтан оқыту нысаны білім алушыларға теориялық материалдарды өз бетінше зерделеуді және тьюторлардан қашықтық кеңестерін алуды ұсынады. Студенттің өзіндік жұмысына электрондық оқу-әдістемелік кешенімен және қосымша материалдармен атқарған жұмысы жатады. Оқытушы-тьютордың жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысына барлық оқу пәндерінің материалдары бойынша интерактивті консультация жатады (түрлі чаттарды қолдану арқылы).

Жоғары оқу орнында білім алушылардың ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, олардың білімдері мен біліктерін және тәуелсіз бағалау әдістерін, қол жетімділікті шектейтін электрондық әдістерді қолдану арқылы бұрмалауларға, жалғандыққа қарсы қорғауларды, аумақтан тысқары аттестаттау комиссиясының көпшілік қорғау жұмыстарын бағалаудағы әділдігін ұйымдастырады Бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестаттау (мемлекеттік емтихан, дипломдық жұмыстарды, жобаларды қорғау) базалық жоғары оқу орындарында дәстүрлі әдістермен жүргізіледі.

Қашықтан оқыту бойынша білім алушылар үшін оқу жоспарында көзделген практика ретінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру

стандарттарында қарастырылған сағаттар көлемінде бейіндік кәсіпорындардағы, мекемелердегі немесе басқа да ұйымдардағы жұмыстары есептелуі мүмкін.

Жалпы немесе жеке оқу жоспарларына сәйкес таңдауы бойынша мамандықтарға сәйкес оқу бағдарламаларын толық орындаған, яғни теориялық оқытуды аяқтаған және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғаған студенттерге мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат беріледі.

Жоғары оқу орны білім берудің компьютерлік ақпараттық жүйесінің көмегімен білім алушылардың біртума немесе лицензияланған, жетекші электрондық жеке істерін барлық білім алушылардың оқу процесінің қорытындысын есепке алу мен мұрағаттық сақтауды жүргізеді.

Қазіргі қойылатын талапқа сай жаңа технологиялар – берілетін білім деңгейінің кеңейтілуінің және студенттердің білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр.

Қашықтан оқыту технологиясы білім берудің ортасында тұратын оқыту жүйесін құру мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде оқытушы студенттің жұмыстарын, жеке қызығушылықтары мен сұраныстарын ескереді. Білім беру жүйесінің ортасында студент тұратынын ескерсек, оқыту жүйесі тұтасымен өзгереді. Оқытушы студентке арналған өзіндік жұмыстарды ұйымдастырумен шұғылданады. Қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану да оқытушының рөлі арта түседі және өзгереді. Қашықтан оқыту кезінде интервентивтіліктің жүйелілігі және тиімділігі қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуда күндізгі бөлімде оқытылатын материалдар қолданылады. Осымен байланысты қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып жүргізілетін білім беру сапасын бақылауды дұрыс жүргізу және жүзеге асыру мәселесі туындайды [3].

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны *тьютор* деп атаймыз.

Онлайн оқыту білім алушыларға білім беру ортасына толығымен енуіне мүмкіндік береді — дәріс оқып тыңдау, тапсырмаларды орындау,

мұғалімдермен кеңесу және желіге қосылу арқасында сыныптастармен сөйлесу.

Интернеттегі оқытудың бір семантикалық байланысында «e-learning» сөздері мен сөйлемдері қолданылады. Олар студенттің түрлі форматта білім алу мүмкіндігін көрсетеді: аудио, видео, гиперсілтемелермен мәтін, инфографика, бағдарламалар, ойындар, құралдар мен материалдар, толықтырылған шындық арқылы білім алуға және т.б.

Онлайн оқыту мен қашықтан оқытудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтары.

Негізгі ұқсастық — өз бетінше білім алу, яғни жаңа білім мен дағдыларды алу үдерісі. Аудиториядан тыс және оқытушылармен тікелей байланыста болған бұл үдеріс оқушылардан өзін-өзі тану және хабардарлықты арттыруды талап етеді.

«Қашықтан оқыту» түсінігі оқушы мен мұғалім арасындағы қашықтықтың бар екенін көрсетеді. «Онлайн-оқыту» тақырыбы Интернет-байланыс арқылы жүреді. Яғни, мұғалім мен студент бір-бірінен бөлек тұрады.

Қазіргі уақытта «қашықтықтан оқыту» және «онлайн оқыту» ұғымдары тек қана жасына және пайдалану жиілігінде ерекшеленеді. Қалғандарында олар бірдей болып келеді және келесі қасиеттерге ие:

Жаттығу қарқыны — топтар мен бағдарламаларға қарамастан, өзіңіздің қарқынды материалдарыңызды оқуға болады.

Ікемді кесте — күндізгі немесе түнгі кез келген уақытта жұмыс істейді, бұл жұмыспен қамтудың жоғары деңгейі мен уақыт айырмашылығының мәселелерін шешеді.

Ұтқырлық — оқу кезеңінде мұғалімдерден тиімді кері байланыс.

Онлайн курстарға қатысар алдын бірнеше сұрақ қойып нақтылап алу қажет. Егер жауаптар қанағаттандырған болса болса, және жаттығу орындау түсінікті болса, онда сізге сабаққа қатысуға болады. [4]

Қазіргі уақытта қашықтан оқытудың артықшылықтары мен ұтымды тұстары өте көп. Олардың ең негізгілерін атап көрсетуге болады. Біріншіден, курстар видео форматта берілетіндіктен, теріс түсіну қауіпі жоқ. Лекцияны кез келген жерден тоқтатып, қайта тыңдай аласыз. Ешкім қадағалап тұрмайды, тұтас еркіндік. Екіншіден, білім алушы мен оқытушыға уақыт жағынан өте ыңғайлы болып келеді. Үшіншіден, әрбір студентпен жеке жұмыс жасауға, олардың барлық қабілеттерін ашуға мүмкіндік бар. Төртінші, білім алушылармен өзіндік кеңестермен бөлісіп, дискуссия жүргізуге болады.

Білім беру жүйесі қашан да заман талабына сай бола білуі қажет. Әлемде қандай өзгерістер болып жатса да, бәсекеге қабілетті, дені сау ұлт тәрбиелеу қашанда басты мақсат болып қала береді. Қазіргі заманғы

мүмкіндіктер мен жаңа технологияларды ұтымды қолдану мен әртүрлі методикаларды қолдану арқылы негізгі мақсатқа жетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Education: From disruption to recovery. URL: <https://en.unesco.org/covid19/educationresponse>.
- 2 «Информатика и образование» журналы. – 2006. – № 7. – Б. 41-45.
- 3 Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – Б. 18-19; 38-39; 118-119; 460-461.
- 4 Бекқажы А. Қашықтықтан оқыту мен онлайн оқудың ерекшеліктері. URL: <https://jasacademy.kz/ashy-ty-tan-o-y-tumen-onlajn-o-udy-erekshelikteri/>